

Талдамалық анықтама

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, сондай-ақ Ж. Қизатов атындағы жоғары ауыл шаруашылығы колледжі директорының 2026 жылғы 28 сәуірдегі №110/1 бұйрығы негізінде «Ж. Қизатов атындағы жоғары ауыл шаруашылығы колледжі» КМҚК-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жұмыс тобы құрылды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2026 жылғы 05 мамыр мен 29 мамыр аралығындағы кезеңді қамтиды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің бағыттары:

- білім алушылардың оқу-өндірістік процесін ұйымдастыру және өндірістік практикадан өтуі саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- білім беру қызметі (техникалық және кәсіптік білім беру) саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- колледждің қаржы-шаруашылық қызметі мен бюджеттік қаражатты басқару саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Білім алушылардың оқу-өндірістік процесін ұйымдастыру және өндірістік практикадан өтуі саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі №1

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу қағидаларына, сондай-ақ кәсіпорындарды (ұйымдарды) практика базалары ретінде айқындау қағидаларына сәйкес білім беру ұйымы практика базаларын дербес айқындайды, ұйымдармен шарттар жасасады және білім алушыларды білім беру бағдарламаларына сәйкес кәсіптік практикадан өтуге жібереді.

Колледжде білім алушыларды өндірістік практика базаларына бөлу оқу процесінің кестесіне, даярлау бағытына, білім беру бағдарламаларына және ұйымдармен жасалған шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, талдау барысында өндірістік практика базаларына білім алушыларды объективті емес бөлу мүмкіндігіне байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталды. Бұл тәуекел лауазымды тұлғалардың жеке мүдделілігі салдарынан жекелеген студенттерге артықшылықтар берумен, оның ішінде білім алушыларды жекелеген ЖШС-ларға, шаруа қожалықтарына және өзге де ұйымдарға өтінішхаттар немесе жеке келісімдер негізінде жіберумен, сондай-ақ білім алушылардың кәсіпорында нақты болуынсыз практикадан өткені туралы құжаттарды ресімдеумен байланысты болуы мүмкін.

Аталған тәуекел келесі жағдайларда көрініс табуы мүмкін:

— білім алушыларды бөлу критерийлері сақталмай, жекелеген студенттерді неғұрлым қолайлы практика базаларына жіберу;

- білім алушыларды бөлу кезінде жеке келісімдер мен өзге де бейресми факторларды ескеру;
- өндірістік практика базаларына білім алушыларды бөлудің бірыңғай критерийлері бар құжатпен бекітілген тәртібінің болмауы;
- білім алушыларды бөлу жөніндегі шешімдерді бір тұлғаның қабылдауы;
- практика бағдарламасын нақты орындамай-ақ практикадан өткені туралы құжаттарға қол қою;
- білім алушылардың өндірістік практикаға қатысуын және практика бағдарламасын орындауын бақылаудың жеткіліксіздігі.

Қорытынды:

Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер білім беру ұйымына өндірістік практика базаларын дербес айқындауға және білім алушыларды практикадан өтуге жіберуге құқық береді.

Сонымен қатар, колледжде өндірістік практика базаларына білім алушыларды бөлудің бірыңғай іріктеу өлшемдері мен қабылданатын шешімдерді алқалы қарау тетігін көздейтін құжатпен бекітілген тәртіп, сондай-ақ білім алушылардың өндірістік практикадан нақты өтуін бақылаудың қосымша тетіктері жоқ.

Аталған жағдайлар білім алушыларды бөлу кезінде субъективті шешімдердің қабылдануына, жекелеген студенттерге негізсіз артықшылықтар берілуіне және білім алушылардың кәсіпорында нақты болуынсыз практикадан формальды түрде өтуіне байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына алғышарттар жасайды.

Ұсыным:

Білім алушыларды практика базаларына бөлудің ішкі тәртібін әзірлеп, бекіту, онда бірыңғай іріктеу өлшемдерін белгілеу, білім алушыларды бөлуді алқалы түрде қарау және қабылданған шешімдерді құжаттандыру тәртібін көздеу қажет.

Сонымен қатар есептік құжаттарды, мінездемелер мен практика күнделіктерін салыстырып тексеру арқылы өндірістік практиканың нақты өтуіне іріктемелі бақылау жүргізуді қамтамасыз ету ұсынылады.

Білім беру қызметі (техникалық және кәсіптік білім беру) саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі №2

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының 15-тармағына сәйкес білім алушылардың ағымдағы үлгерімін бақылау, аралық және қорытынды аттестаттауы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген Білім алушылардың ағымдағы үлгерімін бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Колледжде оқу нәтижелерін бағалау, емтихандарға және қайта тапсыруға жіберу оқу жоспарларына, оқу процесінің кестесіне, білім беру бағдарламаларына және білім беру ұйымының ішкі актілеріне сәйкес

оқытушылар, бөлім меңгерушілері және өзге де жауапты тұлғалар арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, талдау барысында лауазымды тұлғалардың жеке мүдделілігі, мүдделер қақтығысы, сондай-ақ үшінші тұлғалардың ықпалы нәтижесінде жекелеген білім алушыларға бағалар қою, емтихандарға және қайта тапсыруға жіберу кезінде субъективті шешімдердің қабылдану мүмкіндігіне байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталды.

Аталған тәуекел келесі жағдайларда көрініс табуы мүмкін:

- жекелеген білім алушылардың бағаларын негізсіз жоғарылату немесе төмендету;
- емтихандарға, аралық аттестаттауға және қайта тапсыруға жіберу кезінде негізсіз артықшылықтар беру;
- оқу нәтижелерін бағалау кезінде субъективті көзқарастың орын алуы;
- білім алушылардың үлгеріміне қатысты шешімдер қабылдау барысында оқытушылар мен лауазымды тұлғаларға заңсыз ықпал ету;
- бағалау нәтижелеріне байланысты даулы мәселелерді қараудың ашық тетігінің болмауы;
- қайта тапсыру және аралық аттестаттау рәсімдерінің формальды түрде өткізілуі;
- оқу нәтижелерін бағалаудың объективтілігіне ішкі бақылаудың жеткіліксіздігі.

Қорытынды:

Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер білім беру ұйымдарына білім алушылардың ағымдағы үлгерімін бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу, сондай-ақ білім алушыларды емтихандарға және қайта тапсыруға жіберу тәртібін айқындау бойынша өкілеттіктер береді.

Сонымен қатар, колледжде оқу нәтижелерін бағалаудың объективтілігіне қосымша ішкі бақылау тетіктері және білім алушылардың аралық аттестаттау нәтижелеріне қатысты жекелеген даулы жағдайларды алқалы түрде қарау рәсімдері жеткілікті деңгейде көзделмеген. Сондай-ақ білім алушыларды емтихандарға және қайта тапсыруға жіберу туралы шешімдердің объективті қабылдануын қамтамасыз ететін қосымша ішкі бақылау рәсімдері қарастырылмаған.

Аталған жағдайлар субъективті шешімдердің қабылдануына, жекелеген білім алушыларға негізсіз артықшылықтар берілуіне, мүдделер қақтығысының туындауына және білім алушылардың үлгеріміне қатысты мәселелерді шешу кезінде заңсыз ықпал ету тәуекелдерінің пайда болуына алғышарттар жасайды.

Ұсыным:

Білім алушылардың емтихан және сынақ жұмыстарын іріктемелі ішкі бақылау тетігін енгізу, емтихандарға және қайта тапсыруға жіберу мәселелері бойынша қабылданған шешімдерді құжаттандыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ білім алушылардың үлгеріміне қатысты даулы мәселелерді хаттамалық шешімдер рәсімдей отырып, алқалы тәртіппен қарауды енгізу ұсынылады

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі №3

Сырттай оқу нысанындағы білім алушылардың оқу процесін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына, сондай-ақ колледждің ішкі ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Үлгілік қағидалардың 3-тармағының 22) тармақшасына сәйкес білім беру ұйымдары білім алушылар контингентінің есебін жүргізуді, оқу процесін ұйымдастыруды және білім беру қызметіне байланысты құжаттаманы жүргізуді қамтамасыз етеді.

- Сырттай оқу нысанындағы білім алушыларға анықтама-шақыру қағаздарын беру. Анықтама-шақыру қағаздары сырттай оқу нысанындағы білім алушыларға аралық және қорытынды аттестаттаудан өту, оқу сабақтарына және оқу процесінің кестесі мен білім беру бағдарламасында көзделген өзге де іс-шараларға қатысу үшін беріледі.

Анықтама-шақыру қағаздарын беруге білім алушыларды емтихан сессиясына жіберу туралы бұйрықтар, білім алушының колледж контингентінде болуы және оқу процесінің кестесі негіз болып табылады.

Анықтама-шақыру қағаздарын беру колледждің жауапты лауазымды тұлғалары арқылы жүзеге асырылады.

- Сырттай оқу нысанындағы білім алушылардың сабаққа қатысуын есепке алу. Білім алушылардың сабаққа қатысуы оқу сабақтарын есепке алу журналдарында, қатысу ведомостерінде және оқу процесін есепке алуға арналған өзге де құжаттарда тіркеледі. Сабаққа қатысуды бақылауды бөлім меңгерушісі мен пән оқытушылары жүзеге асырады.

- Сырттай бөлімнің құжат айналымы.

Колледжде берілген анықтама-шақыру қағаздарын тіркеу журналдары, білім алушылар контингентінің қозғалысы жөніндегі бұйрықтар, қатысу ведомостері, оқу журналдары және сырттай оқу нысанындағы білім алушылардың оқу процесін ұйымдастыруға байланысты өзге де құжаттар жүргізіледі.

Анықтама-шақыру қағаздарын беру және білім алушылардың оқу процесіне қатысуын растау негізінен қағаз түрінде жүзеге асырылады.

Жұмыс тобы 2024–2025 оқу жылындағы анықтама-шақыру қағаздарын тіркеу журналдарын, білім алушыларды емтихан сессиясына жіберу туралы бұйрықтарды, қатысу ведомостерін, оқу сабақтарының журналдарын, сондай-ақ сырттай бөлім қызметін реттейтін ішкі ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарды зерделеді.

Сонымен қатар, талдау барысында ішкі бақылаудың жеткіліксіздігі, лауазымды тұлғалардың жеке мүдделілігі, мүдделер қақтығысы, сондай-ақ білім алушылардың сессия кезеңіндегі нақты қатысуын растайтын автоматтандырылған тетіктердің болмауы салдарынан сырттай оқу нысанындағы білім алушыларға оқу процесіне нақты қатыспай-ақ анықтама-

шақыру қағаздарын негізсіз беру мүмкіндігіне байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталды.

Аталған тәуекел келесі жағдайларда көрініс табуы мүмкін:

- білім алушылардың оқу процесіне нақты қатысуынсыз анықтама-шақыру қағаздарын беру;
- сабаққа қатысу есебі журналдарына және өзге де есептік құжаттарға жалған мәліметтер енгізу;
- сессия кезеңінде білім алушылардың қатысуын формальды түрде растау;
- білім алушылардың қатысуын тіркеудің автоматтандырылған тетіктерінің болмауы;
- анықтама-шақыру қағаздарын берудің негізділігіне ішкі бақылаудың жеткіліксіздігі;
- сырттай бөлім құжаттарын ресімдеу кезінде шешімдерді бір тұлғаның қабылдауы;
- лауазымды тұлғалардың жеке мүдделілігі нәтижесінде жекелеген білім алушыларға негізсіз артықшылықтар беру мүмкіндігі;
- білім беру процесінің объективтілігі мен ашықтығы қағидаттарының бұзылуы.

Аталған тәуекелдің туындау себептері:

- сырттай оқу нысанындағы білім алушылардың оқу процесін ұйымдастыру кезінде қағаз түріндегі құжат айналымының басым болуы;
 - білім алушылардың қатысуын цифрлық сәйкестендіру және автоматтандырылған тіркеу тетіктерінің болмауы;
 - білім алушылардың оқу процесіне нақты қатысуын тексерудің қосымша тетіктерінің болмауы;
 - есептік құжаттардың дұрыстығына іріктемелі ішкі бақылаудың жеткіліксіздігі;
 - анықтама-шақыру қағаздарын беру кезінде алқалы бақылаудың болмауы.
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің деңгейі: орташа.

Қорытынды:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына сырттай оқу нысанындағы білім алушылардың оқу процесін ұйымдастыру, сабаққа қатысуын есепке алу және анықтама-шақыру қағаздарын беру бойынша өкілеттіктер берілген.

Сонымен қатар, сырттай оқу нысанындағы білім алушылардың оқу процесіне нақты қатысуын бақылаудың қосымша тетіктері жеткілікті деңгейде қарастырылмаған, сондай-ақ сессия кезеңінде білім алушылардың қатысуын растаудың бірыңғай автоматтандырылған құралдары жоқ.

Автоматтандырылған бақылаудың болмауы, қолмен жүргізілетін құжат айналымының басымдығы және қосымша тексеру рәсімдерінің жеткіліксіздігі есептік құжаттарға жалған мәліметтердің енгізілуіне, анықтама-шақыру қағаздарының негізсіз берілуіне және білім алушылардың оқу процесіне қатысуын формальды түрде растауға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына жағдай жасайды.

Ұсынымдар:

Сырттай оқу нысанындағы білім алушыларға анықтама-шақыру қағаздарын беруге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету мақсатында:

- білім алушылардың сессия кезеңіндегі нақты қатысуын растаудың ішкі тәртібін әзірлеп, бекіту;
- сырттай оқу нысанындағы білім алушылардың сабаққа қатысуын тіркеудің цифрлық тетіктерін енгізу;
- анықтама-шақыру қағаздарын беру бойынша ішкі бақылауды күшейту;
- білім алушылардың оқу процесіне қатысуын растайтын құжаттарды сақтау және тексеру тәртібін белгілеу;
- анықтама-шақыру қағаздарын тіркеу журналдарына іріктемелі ішкі бақылау жүргізуді көздеу;
- анықтама-шақыру қағаздарын беру кезінде алқалы бақылауды қамтамасыз ету;
- білім алушылардың сабаққа қатысу деректерін оқу ведомостеріндегі мәліметтермен салыстырып тексеру тәжірибесін енгізу;
- QR-тіркеуді немесе қатысуды тіркеудің өзге де цифрлық тәсілдерін енгізу мүмкіндігін қарастыру;
- сабаққа қатысу және анықтама-шақыру қағаздарын беру құжаттарына енгізілетін мәліметтердің дұрыстығы үшін лауазымды тұлғалардың дербес жауапкершілігін белгілеу.

Қаржы-шаруашылық қызмет және бюджеттік қаражатты басқару саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі №4

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығымен бекітілген бюджетті атқару және оған кассалық қызмет көрсету қағидаларына сәйкес мемлекеттік мекемелер қаржылық операциялардың заңдылығын, ашықтығын, негізділігін және бюджеттік қаражаттың нысаналы пайдаланылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Талдау нәтижесінде ынталандыру төлемдерін бөлу тәртібін, қызметкерлердің нәтижелілігін бағалау өлшемшарттарын және сыйлықақы беру мәселелерін алқалы қарау тәртібін қосымша регламенттеу қажеттілігі анықталды.

Сонымен қатар, лауазымды тұлғалардың дискрециялық өкілеттіктерінің болуы, төлемдерді бөлу өлшемшарттарының жеткілікті ашық болмауы, сондай-ақ алқалы қарау және қосымша ішкі бақылау тетіктерінің жеткіліксіздігі салдарынан жекелеген қызметкерлерге ынталандыру төлемдерін, сыйлықақыларды және материалдық көмекті негізсіз есептеу тәуекелі бар.

Аталған тәуекел келесі себептермен байланысты:

- ынталандыру төлемдерін бөлудің ішкі рәсімдерінің жеткілікті деңгейде нақты регламенттелмеуімен;
- сыйлықақы беру негіздерін бағалаудың бірыңғай және ашық өлшемшарттарының болмауымен;
- шешімдерді шектеулі тұлғалар тобының қабылдау мүмкіндігімен.

Аталған тәуекел келесі жағдайларда көрініс табуы мүмкін:

- сыйлықақыларды, үстемеақыларды және материалдық көмекті бөлу кезінде жекелеген қызметкерлерге негізсіз артықшылықтар беру;
- ынталандыру төлемдерін тағайындаудың бірыңғай және ашық өлшемшарттарының болмауы;
- қызметкерлердің жұмыс нәтижелерін жеткілікті түрде растамай құжаттарды формальды келісу;
- төлемдерді есептеудің негізділігіне ішкі бақылаудың жеткіліксіздігі;
- ынталандыру төлемдерін бөлу мәселелерін бір тұлғаның немесе шектеулі тұлғалар тобының қарауы;
- қаржылық құжаттарды келісу кезінде мүдделер қақтығысының туындауы;
- сыйлықақы беру туралы шешімдердің объективтілігін құжат жүзінде растау тетіктерінің болмауы;
- төлемдерді бастамалау, келісу және есептеу кезінде лауазымды тұлғалардың өкілеттіктерінің жеткілікті бөлінбеуі.

Аталған тәуекелдің іске асырылуы бюджеттік қаражаттың тиімсіз пайдаланылуына, төлемдерді бөлу кезінде әділдік пен ашықтық қағидаттарының бұзылуына, лауазымды тұлғалардың жеке мүдделілігінің көрініс табуына және сыбайлас жемқорлық көріністерінің туындауына алғышарттардың қалыптасуына әкеп соғуы мүмкін.

Қорытынды:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекемелер бекітілген еңбекақы төлеу қоры мен ұйымның ішкі актілері шегінде қызметкерлерді сыйлықақылау және ынталандыру төлемдерін бөлу тәртібін дербес айқындайды.

Сонымен қатар, ынталандыру төлемдерін бөлу рәсімдерінің жеткілікті деңгейде нақты регламенттелмеуі, бағалау өлшемшарттарының ашық болмауы және ішкі бақылау тетіктерінің жеткіліксіздігі жағдайында дискрециялық өкілеттіктердің болуы жекелеген қызметкерлерге негізсіз артықшылықтар беру, лауазымды тұлғалардың жеке мүдделілігі, мүдделер қақтығысы және бюджеттік қаражатты бөлудің жеткілікті ашық болмауына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына жағдай жасайды.

Ұсынымдар:

1. Колледж қызметкерлеріне ынталандыру төлемдерін, сыйлықақыларды және материалдық көмекті бөлу тәртібін регламенттейтін, төлемдерді тағайындаудың бірыңғай, ашық және өлшенетін өлшемшарттарын көздейтін ішкі нормативтік құжатты әзірлеп, бекіту.

2. Сыйлықақы беру және ынталандыру төлемдерін бөлу мәселелерін комиссияның хаттамалық шешімдерін ресімдей отырып, міндетті түрде алқалы қарауды қамтамасыз ету.
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту және мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында төлемдерді бастамалау, келісу және есептеу кезінде лауазымды тұлғалардың өкілеттіктерін нақты ажырату.
4. Сыйлықақыларды, үстемеақыларды және материалдық көмекті тағайындау негіздерін, оның ішінде жұмыс нәтижелерін, көрсеткіштердің орындалуын және өзге де растайтын материалдарды құжат жүзінде растауды қамтамасыз ету.
5. Ынталандыру төлемдерін есептеудің және өзге де қаржылық операциялардың негізділігіне іріктемелі тексеру жүргізу мен ішкі мониторинг тетіктерін енгізу.
6. Қызметкерлерді бекітілген өлшемшарттармен және сыйлықақы беру тәртібімен таныстыру арқылы ынталандыру төлемдерін бөлу кезінде ашықтық пен жариялылық қағидаттарын қамтамасыз ету.
7. Сыйлықақы беру жөніндегі комиссия қызметіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау және мүдделер қақтығысының алдын алу мәселелерін енгізу мүмкіндігін қарастыру.
8. Бухгалтерлік қызметтің лауазымды тұлғалары мен әкімшілік-басқару персоналы үшін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі №5

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 109-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес кәсіптік оқыту халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және азаматтардың еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптік дағдыларды меңгеруі мақсатында ұйымдастырылады.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығымен бекітілген Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына сәйкес білім беру ұйымдары кәсіптік оқытуды өткізуді, тыңдаушылардың сабаққа қатысуын есепке алуды, қорытынды аттестаттауды өткізуді және оқудан өткенін растайтын құжаттарды беруді қамтамасыз етеді.

«Ж. Қизатов атындағы жоғары ауыл шаруашылығы колледжі» КМҚК-де қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курстары Есіл ауданының Мансап орталығымен бірлесіп ұйымдастырылады. Тыңдаушылардың сабаққа қатысуын есепке алу, оқыту процесін бақылау, қорытынды аттестаттауды өткізу және сертификаттарды ресімдеу жауапты лауазымды тұлғалар арқылы жүзеге асырылады.

Талдау барысында сабаққа қатысуды есепке алу журналдары, тыңдаушылар тізімдері, қорытынды аттестаттау құжаттары, сертификаттар беру жөніндегі мәліметтер, сондай-ақ қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды ұйымдастыруды реттейтін ішкі ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттар зерделенді.

Сонымен қатар, талдау нәтижесінде лауазымды тұлғалардың жеке мүдделілігі, мүдделер қақтығысы және заңсыз пайда алу мүмкіндігі салдарынан қысқа мерзімді курстар тыңдаушыларының сабаққа қатысуын жалған есепке алу және оқудан нақты өтпеген тұлғаларға сертификаттар беру мүмкіндігіне байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталды.

Аталған тәуекел келесі жағдайларда көрініс табуы мүмкін:

- тыңдаушылардың сабаққа қатысу журналдарына жалған мәліметтер енгізу;
- жекелеген тұлғалардың оқудан өткені туралы мәліметтерді жалған көрсету;
- қысқа мерзімді курстар тыңдаушыларының қорытынды аттестаттауын формальды түрде өткізу;
- білім беру бағдарламасын нақты меңгермеген тұлғаларға сертификаттар беру;
- тыңдаушылардың сабаққа нақты қатысуын тексерудің қосымша тетіктерінің болмауы;
- қысқа мерзімді оқыту нәтижелері бойынша ұсынылатын мәліметтердің дұрыстығына ішкі бақылаудың жеткіліксіздігі;
- қорытынды құжаттарды ресімдеу кезінде шешімдерді бір тұлғаның қабылдауы;
- тыңдаушылардың қатысуын тіркеудің автоматтандырылған тетіктерінің болмауы;
- қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды ұйымдастыруға бөлінген бюджеттік қаражаттың тиімсіз пайдаланылу мүмкіндігі.

Аталған тәуекелдің туындау себептері:

- сабаққа қатысуды есепке алудың негізінен қағаз түрінде жүргізілуі;
- сабаққа қатысуды бақылаудың автоматтандырылған жүйесінің болмауы;
- оқудан нақты өтуді қосымша тексеру рәсімдерінің жеткілікті регламенттелмеуі;
- тыңдаушылардың сабаққа қатысуы мен қорытынды аттестаттау нәтижелеріне тәуелсіз іріктемелі бақылаудың болмауы;
- сертификаттар беру туралы шешімдерді қабылдау кезінде алқалы бақылаудың жеткіліксіздігі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің деңгейі: жоғары.

Қорытынды:

Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер білім беру ұйымдарына қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды ұйымдастыру, тыңдаушылардың сабаққа қатысуын есепке алу, қорытынды аттестаттауды өткізу және оқудан өткені туралы құжаттарды беру бойынша өкілеттіктер береді.

Сонымен қатар, тыңдаушылардың оқудан нақты өтуін бақылаудың қосымша тетіктері, сабаққа қатысу туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру рәсімдері және сертификаттарды берудің объективтілігін қамтамасыз ету шаралары жеткілікті деңгейде көзделмеген.

Сабаққа қатысуды бақылаудың автоматтандырылған тетіктерінің болмауы, оқудан нақты өтуді тексеру рәсімдерінің жеткіліксіздігі және тиісті алқалы бақылаудың болмауы жалған оқыту, сертификаттарды негізсіз беру

және бюджеттік қаражатты тиімсіз пайдалану тәуекелдерінің туындауына жағдай жасайды.

Ұсынымдар:

Қысқа мерзімді кәсіптік оқытудың нақты өтуін бақылаудың ішкі тетіктерін әзірлеу және енгізу ұсынылады, олар:

- сабақтардың фотофиксациясын жүргізуді;
- сабаққа қатысу журналдарына іріктемелі тексеру жүргізуді;
- Мансап орталығының мәліметтерімен салыстырып тексеруді;
- қорытынды аттестаттау мен сертификаттар беру мәселелерін алқалы түрде қарауды;
- есептік деректердің дұрыстығына ішкі мониторинг жүргізуді қамтуы тиіс.

Жалпы қорытынды

Колледж қызметіне жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижесінде өндірістік практиканы ұйымдастыру, оқу нәтижелерін бағалау, сырттай бөлім қызметі, ынталандыру төлемдерін бөлу және қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды ұйымдастыру салаларында 5 сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталды.

Анықталған тәуекелдерді азайту мақсатында жауапты орындаушылар мен іске асыру мерзімдері белгіленген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді.

Өзге мәселелер

2025 жылғы 1 қыркүйектен 2026 жылғы 29 мамырға дейін колледж бөлімдерінің әкімшілік-басқару жүйесімен өзара қарым-қатынастарында есептілік пен бақылауға байланысты мүдделер қақтығысы анықталған жоқ. Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Ж. Қизатов атындағы жоғары ауыл шаруашылығы колледжі» КМҚК Ережесіне сәйкес колледж рұқсат беру және бақылау-қадағалау функцияларымен өкілеттендірілмеген.

Директор



Б.Бугасов

Члены рабочей группы:

директордың ОЖБ орынбасары
директордың ОТЖБ орынбасары
директордың ОТЖБ орынбасары
директордың КОЖБ орынбасары
директордың ӘШЖБ орынбасары
бас бухгалтер
сырттай оқу бөлімі меңгерушісі
кадрлар бөлімі басшысы
кәсіподақ ұйымы басшысы

 Т.А.Дмитрик
 А.С.Абылхалимова
 Е.А.Черкасова
 А.П.Ждаморев
 Г.А.Козаченко
 Г.О.Ждаморева
 О.А.Лазутина
 Н.Е.Саютина
 А.С.Осипов